арбалар, шаналарды, әбзелдерді жөндеу;
аттарды күту.

52. Білуге тиіс:

атқа, шана, арбаға түсетін жүктемені, жүктерді салу, байлау, түсірудің тәсілдерін;

қоймалардағы қатарлардың орналасу сызбасы мен оларға ағаш материалдарын салу ережелерін;

аттарды күту ережелерін;

аттарды тамақтандырудың нормалары мен уақытын;

мал дәрігерлігінің негіздерін.

11. Ағаш жарушы

Параграф 1. Ағаш жарушы, 2-разряд

53. Жұмыс сипаттамасы:

ағаш жару орындарынан басқа өндіріс орындарында отынды қолмен балтамен, сынамен шабу;

қол араларымен ағашты аралау;

отынды тасу, іріктеу, салу;

балта мен қол араларын қайрау және жану.

54. Білуге тиіс:

отынды қолмен жару мен аралаудың амалдарын; ағаш түрлерін;

отын көлемін, оны салудың тәртібін;

балта мен қол араларын қайрау мен жанудың амалдарын.

Параграф 2. Ағаш жарушы, 3-разряд

55. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық колундардың барлық түрінде отынды, осмол, балансты жару, механикалық және электр жетектегі аралармен отынды аралау;

механикалық колун мен механикалық және электр жетектегі араларды қосу, тоқтату, реттеу, ағымдағы жөндеуден өткізу;

ағаш өнімдерін тасымалдау, іріктеу, салу.

56. Білуге тиіс:

отын механизациялы жарудың тәсілдерін;

ағашты механизациялы шабудың тәсілдерін;

механикалық немесе электр жетекті механикалық колундар мен аралардың құрылымы мен қолдану ережелерін;

олардың механизмдерін майлау тәсілдерін;

ағаш өнімдеріне мемлекеттік стандарттар.

12. Даярлаушы

Параграф 1. Даярлаушы, 2-разряд

57. Жұмыс сипаттамасы:

қабық пен қабақты түсіру, шабылған бұталардан қылқанжапырақтарды дайындау, іріктеу, бумаларға буу, бумаларды салу;

шыбық пен таяқтарды қолмен дайындау, оларды іріктеу, бумаларға жинау, тасымалдау және қатарлау;

қол сайманымен шыбықтар мен таяқтарды қабықтау;

қайың(моншаға арналған) сыпырғыштар мен қайың сыпыртқыларын жасау;

мелиоративті фашиналарды жасау;

қатқан мен маттарды өру;

ағаш өнімдерін қатарлау;

мүк дайындау;

сыпыртқы жасауға қонақ жүгеріні дайындау;

қол саймандарын қайрау және жану. әзірлеу.

58. Білуге тиіс:

қабық, қабақ, қылқанжапырақ, шыбық, таяқ, сыпыртқы, сыпырғыш, фашина, қатқан, мат, мүкті даярлауға техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттар, оларды даярлаудың, өңдеудің, орау мен сақтаудың тәсілдерін;

қол саймандарымен қолдану ережелерін.

Параграф 2. Даярлаушы, 3-разряд

59. Жұмыстар сипаттамасы:

өсіп тұрған және шабылған ағаштардың қабығын түсіру;

қабықтарды жинау, іріктеу, кептіру, салу және престеу;

мочал даярлау(сулау, қабықтан тазарту, кептіру, іріктеу, бумаларға байлау) өсіріп тұрған және шабылған ағаштардан қылқан жапырақтар дайындауын тазалау;

қонақ жүгеріден сыпырғыш жасау.

60. Білуге тиіс:

қабық, мочал, қылқан жапырақ, қонақ жүгеріден сыпырғыш жасаудың техникалық шарттары мен мемлекеттік стандарттарын;

қабық пен мочалды дайындау, өңдеудің тәсілдері мен әдістерін.

Параграф 3. Даярлаушы, 4-разряд

61. Жұмыс сипаттамасы:

өсіп тұрған ағаштар мен бұталардан, дәрілік шөптер, жемістер, жидектер, саңырауқұлақтан дәрілік шикізат дайындау(жинау, іріктеу, кептіру, салу, сақтау).

62. Білуге тиіс:

дәрілік шикізат, шөптер, жемістер, жидектер, саңырауқұлақтарға техникалық шарттар, мемлекеттік стандарттар, дайындау, өңдеу, орау, сақтаудың әдіс-тәсілдерін.

13. Ағашты тасымалындағы жүкшығыршы жұмысшы

Параграф 1. Ағашты тасымалындағы жүкшығыршы жұмысшы, 5-разряд

63. Жұмыс сипаттамасы:

электрқозғалтқыш немесе іштен жану қозғалтқыш жетектегі әр түрлі шығырларды ағаш, шыбықтарды тасымалдағанда, таудан түсіргенде басқару, техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеуден өткізу, құрастыру, бөлшектеу, сынақтан өткізу;

тасымалдау шығыршығының жетек механизмдерін реттеу, іске қосу, тоқтату, ақауларын анықтау және түзету;

шығыршықтарға техникалық қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеуден өткізу ;

шығыршықтарды құрастыру мен бөлшектеу, оларды сынау; жасалған жұмысты тіркеу журналын жүргізу.

64. Білуге тиіс:

электрқозғалтқыш немесе іштен жану қозғалтқыш жетектегі әр түрлі шығырлардың пайдалану мақсатын;

құрылымын, жұмыс істеу принципін;

қозғалу мен бекіту ережелерін;

ақауларын жою тәсілдерін;

құрастыру мен бөлшектеу ережелерін;

ағаш шабу орындарын әзірлеу сызбасын.

Параграф 2. Ағашты тасымалындағы жүкшығыршы жұмысшы, 6-разряд

65. Жұмыстар сипаттамасы:

ағаш бөліктерінен жоғарғы қоймаларға, ағаштарды, солқылдақ шыбықтарды, сортименттерді тиеу пункттеріне тасу (таудан түсіру) кезінде электрқозғалтқыш немесе іштен жану қозғалтқыш жетектегі әр түрлі шығырларды ағаш, шыбықтарды тасымалдағанда, таудан түсіргенде басқару, техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеуден өткізу, құрастыру, бөлшектеу, сынақтан өткізу және оларды ағаш тасымалындағы құралдарға тиеу (тар рельсті темір жолдардағы тізбектер, тіркемелерімен автомобильдер, шаналар және тағы басқа);

агрегатты жүкшығырлардың жетек механизмдерін реттеу, қосу және тоқтату; шығыршықтарға техникалық қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеуден өткізу ;

шығыршықтарды құрастыру мен бөлшектеу, оларды сынау; жасалған жұмысты тіркеу журналын жүргізу.

66. Білуге тиіс:

электрқозғалтқыш немесе іштен жану қозғалтқыш жетектегі әр түрлі шығырлардың пайдалану мақсатын, құрылымын, жұмыс істеу принципін,

қозғалу мен бекіту ережелерін, ақауларын жою тәсілдерін, құрастыру мен бөлшектеу ережелерін;

ағаш шабу орындарын әзірлеу сызбасын.

14. Ағашты қатарлау және тиеудегі жүкшығыршы жұмысшы

Параграф 1. Ағашты қатарлау және тиеудегі жүкшығыршы жұмысшы, 4-разряд

67. Жұмыстар сипаттамасы:

ағаштарды судан шығары, суға ағызу және тиеу – түсіру жұмыстары барысында, транспортер мен гидравликалық қайыққа будаларды сүйреп алып келу және қатарлау барысында шығырды жүргізу;

шығырға техникалық қызмет көрсету және ағымдағы әндеу жұмыстарын жүргізу;

жүк асып қоятын арқандар мен арқандарды дәнекерлеу;

қызмет көрсетіліп отырылған жабдықтың бөлшектенуі мен құрастырылуына қатысу.

68. Білуге тиіс:

тиеу, түсіру, қатарлау, ағашты судан шығару мен суға домалату барысындағы шығырды жүргізу мен оның құрылымы;

шығырды жұмыс орнында бекіту мен орналастырудың тәсілдері;

арқандардың конструкциясы мен жүк көтергіштігі және шығырдың бағыттаушы блоктары;

қызмет көрсетуші жабдықтың ақаулықтарын анықтау әдістері және оларды жою;

арқандар мен жүк асып қоятын арқандарды дәнекерлеу әдістері.

15. Ағаш кесуші

Параграф 1. Ағаш кесуші, 2-разряд

69. Жұмыстар сипаттамасы:

бұталарды шабу және орман алдындағы талдар арасында қарды тазалау;

орманды қыстақ даярлаудан кейін қалған шыбын қалдықтарынан орманды тазарту;

дуалдарды үйме етіп жинау, шабын қалдықтарын жағу;

ормандағы осмолды жерден тазартып жинау;

осмолдарды үйме етіп жинау;

түбірлерді тамырларын жұлғаннан кейін домбықтау;

құрайларды жинау және орманның жүргізу жолына қалау;

түбірлік осмолды даярлау барысында түбір асты шұңқырларды себу және теңестіру;

жарылыстық жұмыстар жүргізу барысында қауіпті аймақты күзету.

65. Білуге тиіс:

бұталарды шабу, талдар маңайындағы қарды тазалау ережесі;

жарылыс жұмыстарын жүргізу ережесі.

Параграф 2. Ағаш кесуші, 3-разряд

70. Жұмыстар сипаттамасы:

ағызу деректемелерін даярлау - вицтер, ромжин, багровищелер, кокор және науруктар, құрсауға арналған кольелер;

жоғары және төменгі қоймаларда, орманда ағаш жару;

ұзындықты домбықтау, енді, жарылған сортименттердің ағаштарды және басқа да дайындамаларды қалау;

дұрыс қалыптағы ағаш кесуші құралдың құрылымы, оны қайрау және түзеу.

71. Білуге тиіс:

ағызушы деректемелерді даярлау тәсілдері;

ағаштарды жару мен қалау, текшеленген отынға жарылған сортименттерді қалау, ұзындықты домбықтау;

ағаш кесуші құралды жөндеу мен қайрау ережелері.

Параграф 3. Ағаш кесуші, 4-разряд

72. Жұмыстар сипаттамасы:

түбірлерді жерімен қоса аралау, моторсыз аралар көмегімен бұта және қурайды даярлау;

араланатын ағаштардың жанында жұмыс орынын даярлау;

сәйкесінше еңбекті қорғау ережелерімен қарастырылған жағдайларда орманды дуалдаушыға дуалдау барысында көмек көрсету.

73. Білуге тиіс:

ағаштарды дуалдау барысында жұмыс орнын даярлау, қурайды даярлау ережелері;

моторсыз араның құрылымы;

оны пайдалану және аралық шынжырларды қайрау ережелері.

16. Ағаш дайындайтын машинаның машинисті

Параграф 1. Ағаш дайындайтын машинаның машинисті, 7-разряд

74. Жұмыстар сипаттамасы:

ағаш бөліктеріндегі ағаштарды үю, таңдау және трельдеу;

бұтақтардан тазалау және солқылдақ шыбықтарды қырқып кесу;

ағаш бөліктерінде, тиеу пункттерінде, жоғарғы және аралық қоймаларда түбірлер мен осмолды таңдау, тамырымен жұл бойынша жұмыстарды орындау кезінде әр түрлі жүйелердің ағаш дайындайтын машиналарын басқару;

ағаш дайындайтын машиналардың жабдығы мен механизмдерін реттеу, олардың олқылықтарын анықтау және жою;

ағаш дайындайтын машиналарға, тіркеме және аспалы құрылғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеудің барлық түрлеріне қатысу.

75. Білуге тиіс:

ағаш дайындайтын машиналардың, тіркеме және аспалы құрылғылардың құрылымы;

ағаш дайындайтын машинаның қозғалтқышының жұмыс істеу қағидасы және оны реттеу ережесі;

ағаш дайындайтын машинаның электро-, пневмо- және гидрожабдығының құрылысы;

ағаш кесулерде жүктерді тасу және қозғалыс ережесі;

жанатын-майлайтын материалдардың сорттары мен отынның негізгі түрлері;

ағаш дайындайтын машиналардың механизмдері мен жабдықтарының ақаулықтарын табу және жою әдістері;

технологиялық жоңқаға техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттар.

76. Орта кәсіби білім талап етіледі.

Параграф 2. Ағаш дайындайтын машинаның машинисті, 8-разряд

77. Жұмыстар сипаттамасы:

операциялар кешенін орындау кезінде, электрондық жүйемен жабдықталған түрлі жүйедегі ағаш дайындайтын машиналарды басқару: ағаштарды құлату, кесу, қармау, бұтақтарын кесу, іске жарамды сортименттерінің максималды түрде шығуын есепке ала отырып, солқылдақ шыбықтарды сұрыптар мен сортименттерге белгілеп, кесу;

ағаш кесу жұмыстарын орындау кезінде автоматтық өртке қарсы жүйе мен өлшеу компьютері үшін кубатуралы бағдарламаны қолдану;

ағаш дайындайтын машинаның басқару жүйесі мен механизмдерін реттеу;

ағаш дайындайтын машинаның жабдықтары мен механизмдеріндегі ақаулықтарды анықтау және жою;

ағаш дайындайтын машинаның басқару жүйесі, механизмдері мен тораптардың техникалық қызмет көрсетуі және жөндеудің барлық түрлеріне қатысу;

ағаш дайындайтын машиналар жабдықтары мен механизмдеріне жанар-жағар май материалдарын құю.

78. Білуге тиіс:

жабдықтардың механизмдері, торап құрылысы және ағаш дайындайтын машинаны басқарудың жүйелері;

ағаш өңдейтін машина қозғалтқышының жұмыс істеу қағидасы және оны реттеу ережелері;

электроника мен электротехниканың негіздері, ағаш дайындайтын машинаның қысым-, гидро және электр жабдығы, ағаш дайындайтын машинаның механизмдер мен тораптарын және басқару жүйесін реттеуге қойылатын техникалық шарттар;

ағаш кесу жұмыстарды орындаудың оңтайлы әдістері;
дайындалатын сортименттерге қойылатын техникалық талаптар;
техникалық шарттар және мемлекеттік стандарттар;
солқылдақ шыбықтарды сортименттерге оңтайлы бөлудің тәсілдері;
ағаш кесетін жердегі қозғалыс және жол жүру ережелері;
жанар-жағар май материалдарының сұрыптары және отынның негізгі түрлері.

79. Орта кәсіби білім талап етіледі.

17. Трельдеу машинасының машинисті

Параграф 1. Трельдеу машинасының машинисті, 6-разряд

80. Жұмыстар сипаттамасы:

ағашты құлату, пакеттеу, ағаш пакеттерін, шайыр, томарды, ағаш кесетін жердегі ағаш химиялық өнімдерді трельдеу және келтіру, бұтақтарды кесу, алаңдарды дайындау бойынша жеке немесе кешенді операцияларды орындау кезінде ілмелі немесе тіркеу жабдығымен жабдықталған түрлі жүйедегі трельдеу машиналарын басқару;

трельдеу машинасы жабдықтары мен механизмдерін іске қосу, тоқтату және реттеу, олардың ақаулықтарын анықтау және жою;

техникалық жабдықтау және трельдеу машинасы мен қолданылатын жабдықтардың жөндеу жұмыстарына қатысу;

трельдеу машинасына жанар-жағар май материалын құю.

81. Білуге тиіс:

ілу және тіркеу жабдықтарының түрлі жүйедегі трельдеу машиналардың құрылымы;

трельдеу машиналар қозғалтқыштарының жұмыс істеу қағидасы және оларды реттеу ережелері;

электротехника негіздері;

трельдеу машинаның қысым,- гидро және электр жабдықтарының құрылысы;

трельдеу машиналардың механизмдері мен тораптарын реттеуге қойылатын техникалық шарттар және олардың пайдалану деректері;

ағаш кесетін жұмыстарды орындау әдістері, жол жүру ережелері;

отынның негізгі түрлері және жанар-жағар май материалдарының сұрыптары;

қолданылатын жабдықтар мен трельдеу машиналардың ақаулықтарын анықтау және жою әдістері.

18. Трельдеу және тиеу жабдығының монтажнигі

Параграф 1. Трельдеу және тиеу жабдығының монтажнигі, 4-разряд

82. Жұмыстар сипаттамасы:

сұрыптау жолдарын монтаждау және тиеу мен түсіру алаңдарының құрылымы;

дiңгектер мен басқа трельдеу, тиеу, түсіру, сұрыптау және шоғырлау құрылғыларының жабдықталуы;

шығырлы терльдеу, ағашты тиеу, ағаш тасу жылжымалы құрамын түсіру, ағашты судан итеріп шығарып, шоғырлау кезіндегі қанатты-блокты жүйенің монтажы;

полиспасттар мен трельдеу шығырларының блоктарын жөндеу.

83. Білуге тиіс:

жүктеу және трельдеу жабдықтарының құрылғыларының құрылысы және жұмыс істеу қағидасы;

олардың монтажына қойылатын техникалық шарттар;

қолданылатын жинақтау және өлшеу аспаптарының міндеттері;

жинақтау жұмыстарын орындаудың тиімді тәсілдері;

айлақтар мен барабандардан қанаттарды тарқату әдістері;

құбылған шығыр блоктары мен қанаттардың жүк көтеруі.

Параграф 2. Трельдеу және тиеу жабдығының монтажигі, 5-разряд

84. Жұмыстар сипаттамасы:

ағашты судан итеріп шығару және шоғырлау, ағашты суға домалату, қат-қаттау, сұрыптау бойынша жабдықтар, тиеу, трельдеу қондырғылары, қанатты крандар, тиеу әуе-трельдеу қондырғылары және трельдеу жабдықтары мен тораптарын монтаждау;

тиеу эстакадасын, тиеу қондырғысын, ағаш тасымалдағышты тексеру;

стационарлы шығырдың монтажы;

жылжымалы шығырлар мен электр станцияларын орнату;

қанаттарды бекіту, қанаттар мен жүк асып қоятын арқандарды қиыстыру;

жобалы өлшемге дейін көтергіш қанаттарды тарту;

трельдеу және тиеу құрылғылары мен шығырлары дiңгегінің аралық тірегінің тростық тартпаларын бекіту және керу.

85. Білуге тиіс:

жиналатын құрылғылары мен тораптардың құрылымдық ерекшеліктері;

ағаш қоймалары, жүктеу және өңдеу алаңдарына;

сұрыптау жолдарына, қанаттарды бекітуге, шығырларды монтаждауға, жылжымалы электр станцияларын орнатуға қойылатын техникалық талаптар;

монтажалған жабдықты жиынтық сынаудан өткізу;

жөнге келтіру;

іске қосу;

жүргізіп жаттықтыру және байқау ережелері.

19. Ағаш материалдарын үюші-аударушы

Параграф 1. Ағаш материалдарын үюші-аударушы, 2-разряд

86. Жұмыстар сипаттамасы:

тақтай, бөрене, шпал, шпал кесінді, қабық, қылқан жапырақтары және басқа ағаш материалдарын арбаға немесе тасымалдағышқа тиеу;

тасымалдағышпен ағаш материалдарының біркелкі орналасып, түсуін реттеу;

үйінді мен кептелісті болдырмау;

тасымалдағыштар бөтен заттарды алып тастау;

ағаштар мен қыртыс тақтайды өңдеу және қалайтын жерлерге ауыстыру;

кесілгеннен кейін шайырды жартылай қатты арқанға байлап текшеленген отынға немесе ағаш кесетін жердегі контейнерлерге немесе ішкі қоймаларға қалау;

үйіндіге түсіргеннен кейін шайырды қат-қаттап қалау;

ағаш өңдейтін станоктардан ағашты орнынан алмастыру, ағаш тасымалдағыштардан, арбалардан аудару, ағашты қалау;

ағаш тасымалдаушыты қарау және тазалау.

87. Білуге тиіс:

ағашты өңдеу және бөлу кезінде қолданатын тасымалдау құралдарының құрылысы;

ағаш сортименттері және оларға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

ағаш материалдарын қоймаға қаттау ережелері;

томарлар мен шайырларды үйінді мен текшеленген отынға қалау ережелері.

Параграф 2. Ағаш материалдарын үюші-аударушы, 3-разряд

88. Жұмыстар сипаттамасы:

жүктеу пункттері мен қоймаларында ағаштың кезеңдік және операция аралық запастарын құру, шығыр немесе трактордың көмегімен тарқату-тіркемемен ағаш таситын автокөліктер мен тар табанды темір жолдардың тіркеуіне 10 кубтық метр (бұдан әрі – m^3) көлемді ірі пакеттегі ағаштар мен солқылдақ шыбықтарды тиеу кезінде бағаналарды бекіту, арқандау, буманы жасау, канаттарды бұзып тасу;

тақтай, бөрене, шпал, шпал кесінді, қабық, қылқан жапырақтары және басқа ағаш материалдарын арбаға немесе тасымалдағышқа тиеу;

тасымалдағышпен ағаш материалдарының біркелкі орналасып, түсуін реттеу;

үйінді мен кептелісті болдырмау;

тасымалдағыштар бөтен заттарды алып тастау;

жылжымалы құрамда жүкті қалау және байлау;

жүкті тиеу орнына ауыстыру;

төсемдерді, бағаналарды дайындау оларды орнату;

ағаш тасу жолдарының жылжымалы құрамынан ағаш, шайыр, томар, ағаш химиялық өнім, ағаш дайындамаларының қалдықтары және басқа ағаш

материалдарын механизмделген түрде түсіру кезінде чокерлер, арқаннан ағыту және жүкті текшеленген отынға қатарлап қалау;

шайырдың кесектерін стандартты және стандартты емеске сұрыптау, оны топырақтан, көгергеннен, күйгеннен, тастардан тазалап, стандартты кесектерді текшеленген отынға қалау;

қатарланған отынды дөңгелетіп кеңейту және дөңгеленген ағашты ағаш тасымалдағышқа, шпал кесетін станоктарға, пилорамаларға даналап беру;

ағашты оны қыздыру орнына ауыстыру (ашық секциялы дәнекерлеу бассейні) ;

таратушы ағаш тасымалдағыштарға ағашты қолмен лақтыру;

өлшемдері мен сұрыптары бойынша сұрыптап, ағаш шикізатын секционды бассейнге беру;

шпалдар мен кесілген ағаш дайындамаларын түрлер мен сұрыптары бойынша қалау;

ағаш өңдейтін станоктардан ағашты орнынан алмастыру, ағаш тасымалдағыштардан, арбалардан аудару, ағашты қалау.

89. Білуге тиіс:

жүкті қат-қабат қып үйіп жаю, тиеу және түсіру ережелері;

ағашты өндіріске беру ережелері, ағашты тиеу және түсіру әдістері, ағаш материалдарын таңбалау және маркалау ережелері;

ағаштың сортименттері және оларға қойылатын мемлекеттік стандарттар, қатарлап үю, түсіру, тиеу және ағаш шикізатын беру кезінде қолданатын құрылғылар мен аспаптардың құрылысы мен міндеттері.

Параграф 3. Ағаш материалдарын үюші-аударушы, 4-разряд

90. Жұмыстар сипаттамасы:

жүктеу пункттері мен қоймаларында ағаштың кезеңдік және операция аралық запастарын құру, шығыр немесе трактордың көмегімен тарқату-тіркемемен ағаш таситын автокөліктер мен тар табанды темір жолдардың тіркеуіне 10 м^3 . көлемді ірі пакеттегі ағаштар мен солқылдақ шыбықтарды тиеу кезінде бағаналарды бекіту, арқандау, буманы жасау, қанаттарды бұзып тасу;

тіреулерді бекіту;

ағашты түсіру кезінде арқандарды ағыту;

үйілген солқылдақ шыбықтар мен ағаштардың бұтақтары мен ұшар бастарын қию;

жүк арту қондырғыларын бөлшектеу және жинақтауға қатысу;

жылжымалы құрамға өрім тал пакетін қалауға қатысу;

қатарланған ағаштың қалыптастыру және жайып салу бойынша жұмыстарды орындау, қатарлап үйілген отынды жайып салу кезінде шығырдың көмегімен шоқты қаю.

91. Білуге тиіс:

ірі габаритті ағаштар мен солқылдақ шыбықтарды үюдің әдістері мен ережелері;

қанаттар мен блоктардың жүк көтеруі, қанаттарды қиысып келтірудің және кесудің әлістері;

діңгектерді керіп бекітудің әдістері, ілмелердің құрылысы;

блоктар мен қанаттарды бекітудің әдістері;

қатарлап үйілген ағаштарды жаю;

қалау және құру әдістері.

20. Бұталарды шабушы

Параграф 1. Бұталарды шабушы, 3-разряд

92. Жұмыстар сипаттамасы:

ағаштардың бұтақтары мен ұштарын қолмен балтамен шабу;

құлату кезінде зақымданған орманды жас шыбығын және орман маңын шабу;

шабылған бұтақтар мен ұшын, шабылған жас шыбықты және орман маңын үйіндіге жинап қою, бұтақтарды бір уақытта шабу кезінде оларды өртеу;

балтаны қайрау және түзету.

93. Білуге тиіс:

бұтақтарды шабу ережесі мен тәсілдері, балтаны қайрау және түзету ережесі;

ағаш материалдарына техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттар;

бұтақтарды қауіпсіз жағу тәсілдері;

бұтақтар мен ағаштардың ұштарын бензомоторлы және электромоторлы араларымен және бұтақ кескіштермен кесу;

бір уақытта моторлы арамен және бұта кескіштермен кесу кезінде өртеу;

отын қоспасын құру және онымен бензомоторлы арамен бұтақ кескішті дайындау;

қолданылатын жабдықты ақусыз күйінде ұстау және оған ағымдағы жөндеу жүргізу.

Параграф 2. Бұталарды шабушы, 4-разряд

94. Жұмыстар сипаттамасы:

ағаштардың бұтақтары мен ұштарын бензомоторлы және электромоторлы аралармен және бұтақкескіштермен шабу;

құлату кезінде зақымданған орманды жас шыбығын және орман маңын шабу;

шабылған бұтақтар мен ұшын, шабылған жас шыбықты және орман маңын үйіндіге жинап қою, бұтақтарды бір уақытта шабу кезінде оларды өртеу;

балтаны қайрау және түзету;

отын қоспасын құру және онымен бензомоторлы араны және бұтақкескішті дайындау;

қолданылатын жабдықты ақаусыз күйде ұстау және оған ағымдағы жөндеу жүргізу.

95. Білуге тиіс:

бензомоторлы және электромоторлы аралардың бұтақ кескіштердің құрылысы және оларды пайдалану ережесі, қолданылатын жабдықты ақаусыз күйінде ұстау және оған ағымдағы жөндеу жүргізу ережесі;

бұтақтарды қауіпсіз жағу тәсілдері.

21. Қабықтаушы

Параграф 1. Қабықтаушы, 3-разряд

96 Жұмыстар сипаттамасы:

дөңгелек ағашты, кесілген материалдарды, қайрақтарды қабықтау және дөңгелек ағашты тақырлау, шпалдарды қолдық және механикаландырылған аспаппен жете қабықтау.

97. Білуге тиіс:

қабықтау құралын қайрау ережесі;

ағаш материалдарына мемлекеттік стандарттармен қойылатын талаптар; механикаландырылған аспаптың құрылысы және пайдалану ережесі.

Параграф 2. Қабықтаушы, 4-разряд

98. Жұмыстар сипаттамасы:

бункерлік, барабандық қорап сыдыратын қондырғыларда және дисктік станоктарда қысқа және ұзақ уақытқа дөңгелек орманды қабықтау;

шпалоправалық станоктарда шпалды жете қабықтау;

қызмет көрсететін станоктар мен қондырғылардың жұмысын қадағалау, олардың жұмыс органдарын ауыстыру;

сынықтарын жоюмен қолданылатын жабдықты қарау;

дөңгелек ағашты қабықтау үшін қолданылатын қондырғылар мен станоктарға ай сайын техникалық қызмет көрсету, оларды жөндеудің барлық түрлеріне қатысу.

99. Білуге тиіс:

қолданылатын қондырғылар мен станоктардың белгіленуі;

құрылысы және жұмыс істеу қағидасы;

олардың жұмыс органдарын алу және ауыстыру ережесі;

дөңгелек ағаш материалдарды қабықтау сапасына қойылатын талаптар.

Параграф 3. Қабықтаушы, 5-разряд

100. Жұмыстар сипаттамасы:

әр түрлі жүйелердің роторлық станоктарында қысқа және ұзақ уақытқа дөңгелек ағашты қабықтау;

ағаш материалдарын толық қабықтауға қайтару; оның жұмысы барысында роторлық қабықтау станогын басқару. Қабықтау станоктарының жұмыс органдарын ауыстыру (пышақтарды, қабыалғыштарды, фрездерді және тағы басқа);

роторлық қабықтау станогын реттеу, жөндеу ақауларын жою;

роторлық қабықтау станогына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеудің барлық түрлеріне қатысу.

101. Білуге тиіс:

роторлық қабықтау станогының белгіленуі;

құрылысы және жұмыс істеу қағидасы, роторлық қабықтау станогының жұмыс органдарын реттеу;

тексеру және орнату ережесі;

механика, электротехника және гидравлика негіздері;

дөңгелеу ағаш материалдарын қабықтау сапасына қойылатын талаптар;

роторлық қабықтау станогының жұмыс режимі.

22. Автоматтандырылған ағаш транспортерінің операторы

Параграф 1. Автоматтандырылған ағаш транспортерінің операторы, 4-разряд

102. Жұмыстар сипаттамасы:

домалақ ағаш материалдарының белгіленуін анықтау, сотименттер бойынша ағаш материалдарын сорттау кезінде ағаш жинақтағыштар бойынша бөлу кезінде ағаш транспортерінің автоматтандырылған сортын басқару; сортау маңының бойында ағаш материалдарын жылжытуды және берілген ағаш жинақтағыштарға әртүрлі құрылғыларды тастауда қадағалау;

жекелеген тораптардың жұмысын, автоматтандырылған ағаш транспортердің электрлік және жарық дыбыстық жүйелерін қадағалау;

автоматтандырылған ағаш транспортерін реттеу және жөндеу;

автоматтандырылған ормантранспортерін сынау жүргізуге және жөндеуге қатысу.

103. Білуге тиіс:

ағаш жұмыстары туралы негізгі мәліметтер;

ағаштың ақаулары, дайындалатын сортименттерге қойылатын талаптар, оларға мемелекеттік стандарттар мен техникалық сырттар;

жыныстары мен сорттары бойынша домалақ ағаш материалдарын сорттау тәсілдері, түйіндер мен жүйелерді құрылысы;

жұмыс істеу қағидасы, техникалық пайдалану ережесі;

автоматтандырылған ағаш транспортерінің механизмдерін реттеуге техникалық шарттар.

23. Манипулятордың операторы

Параграф 1. Манипулятордың операторы, 4-разряд

104. Жұмыстар сипаттамасы:

лакпен немесе тушпен бояу;

гидравликалық манипулятордың көмегімен солқылдақ шыбықтардың будасын бөлу және оларды қырқып кесетін қондырғының түсетін ағаш транспортеріне даналап беру;

солқылдақ шыбықтарды берудің біркелкілігін бақылау;

гидравликалық манипуляторд басқару, ақаусыз күйде ұстау және механизмдерін дұрыс пайдалану;

гидравликалық жүйенің, тежегіш құралының электр жабдығының жұмысын, гидравликалық манипулятордың түйіндерінің бекіту сенімділігін қадағалау;

гидравликалық манипуляторды жөндеу мен реттеуге қатысу.

105. Білуге тиіс:

гидравликалық манипулятордың механизмдері мен жүйелерінің жұмыс істеу қағидасы және техникалық пайдалану ережесі.

24. Қырқып кесу қондырғысының операторы

Параграф 1. Қырқып кесу қондырғысының операторы, 5-разряд

106. Жұмыстар сипаттамасы:

жарамды сортименттердің барынша үлкен шығымын ескерумен солқылдақ шыбықтарды қырқып кесу қондырғыларында (көпаралыдан басқа) белгілеу және қырқып кесу;

солқылдақ шыбықтарды түсіру және беру механизмдерін, қырқып кесу түйіндерін, іріктеу, қысқартып кесетін және лақтыратын құрылғыларды ақаусыз күйде ұстау және дұрыс пайдалану;

жекелеген түйіндердің жұмысын, қырқып кесу қондырғысының гидравликалық, пневматикалық және электрлік жүйелерінің, сондай-ақ солқылдақ шыбықтарды белгілеудің электрлік және басқа жүйелерінің жұмысын қадағалау. қырқып кесу қондырғысын жөндеуге қатысу.

107. Білуге тиіс:

ағаш жыныстары;

ағаш мүкістері туралы негізгі мәліметтер;

дайындалатын сортименттерге қойылатын техникалық талаптар;

оларға стандарттар мен техникалық шарттар, сортименттерде солқылдақ шыбықтарды ұтымды байлау тәсілдері;

қырқып кесу қондырғысының механизмдерінің, түйіндері мен жүйелерінің құрылысы;

электро, механика, пневмо-, гидро- және электр жетектің негіздері.

Параграф 2. Қырқып кесу қондырғысының операторы, 6-разряд

108. Жұмыстар сипаттамасы:

жарамды сортименттердің барынша үлкен шығымын ескерумен солқылдақ шыбықтарды көпаралыдан қырқып кесу қондырғыларында (басқа) белгілеу және қырқып кесу;

қырқып кесу қондырғысының түйіндерін жөндеу және реттеу, оны жөндеу кезінде анықталған ақауларды жою;

қырқып кесу қондырғысын жөндеуге және сынау жүргізуге қатысу.

109. Білуге тиіс:

ағаш жыныстары, ағаш мүкістері туралы негізгі мәліметтер;

дайындалатын сортименттерге қойылатын техникалық талаптар;

оларға стандарттар мен техникалық шарттар, сортименттерде солқылдақ шыбықтарды ұтымды байлау тәсілдері;

қырқып кесу қондырғысының механизмдерінің;

түйіндері мен жүйелерінің құрылысы;

электро, механика, пневмо-, гидро- және электр жетектің негіздері;

қырқып кесу қондырғысының түйіндері мен агрегаттарын реттеуге техникалық шарттар;

олардың пайдалану деректері;

қырқып кесу қондырғысының механизмдерін жинау және реттеу тәсілдері;

бөлшектердің ақауларының алдын алу шаралары.

25. Бұтақ кесу қондырғысының операторы

Параграф 1. Бұтақ кесу қондырғысының операторы, 4-разряд

110. Жұмыстар сипаттамасы:

ағаштар будасын тарту және оны бұтақ кесетін қондырғының осіне бұрышпен беру;

ағаштардың будасын манипулятормен бөлу, бұтақ кесетін қондырғыға даналап беру; ағаштардың діндерін қондырғы арқылы өткізу; тасу жылдамдығын реттеу және қондырғысының кесетін органдарын басқару;

кесілген солқылдақ шыбықтарды науаға итеруге арналған механизмдерді басқару;

солқылдақ шыбықтарды ағаштардың будасынан бункерлік түрлі бұтақ кесетін стационарлық қондырғысының кесені құралымен алып тастау;

бұтақ кесетін қондырғының механизмдері мен түйіндері ақаусыз күйде ұстау және дұрыс пайдалану;

бұтақ кесетін қондырғының жұмыс журналын жүргізу.

111. Білуге тиіс:

бұтақ кесетін қондырғының механизмдері мен түйіндерінің белгіленуі және жұмыс істеу қағидасы;

оның электрлік сызбасы;

бұғаттау және электрлік қорғау қағидасы;

гидравлика мен электротехника негіздері.

Агрегаттарды реттеу мен жөндеу және бұтақ кесетін қондырғының түйіндерін жөндеу бойынша жұмыстарды орындау кезінде - 5-разряд.

26. Ара түзеуші

Параграф 1. Ара түзеуші, 3-разряд

112. Жұмыстар сипаттамасы:

қолдық араларды тістерін қайрау, тарту, фугалау, түзету, кесу, қысқартып кесік және қалыпқа келтіру;

қол аралардың рамаларын даярлау, қиыстырып келтіру, құрастыру;

араларды дәнекерлеу;

қабықтау күректерін түзету, қайрау, жөндеу.

113. Білуге тиіс:

қолдық ағаш шабатын құралды дайындауға арналған металдар мен абразивті материалдардың негізгі қасиеттері;

ағаш шабатын құралды қайрау мен түзеуге арналған станоктарды пайдалану ережесі.

Параграф 2. Ара түзеуші, 4-разряд

114. Жұмыстар сипаттамасы:

ара шынжырларын қайрау, түзету және жөндеу;

қырқып кесу агрегаттары мен қондырғыларының араларын қайрау, тегістеу, тарту;

ара шынжырлары мен қырқып кесу агрегаттары және қондырғыларының араларын қайрауға арналған станоктарды жөндеу, орнату және дайындау.

115. Білуге тиіс:

ара шынжырлары мен қырқып кесу агрегаттары және қондырғыларының араларын қайрауға арналған станоктарды қайрау, тегістеу, тарту ережесі;

ара шынжырлары мен қырқып кесу агрегаттары және қондырғыларын дайындау үшін қолданылатын металдардың негізгі қасиеттері;

ара шынжырларын қайрауға арналған станоктардың;

аралардың құрылысы және оларды орнату ережесі.

27. Арашы

Параграф 1. Арашы, 3-разряд

116. Жұмыстар сипаттамасы:

бөренелерді белгілеу және қолмен брустар мен тактайға аралау;

бөренелерді бойлай аралауға арналған араны қайрау және түзеу.

117. Білуге тиіс:

бөренелерді бойлай аралау ережесі;

ағаш материалдарына техникалық шарттар;

бөренелерді бойлай аралауға арналған араларды қайрау және түзеу ережесі.

28. Солқылдақ шыбықтарға белгі қоюшы

Параграф 1. Солқылдақ шыбықтарға белгі қоюшы, 4-разряд

118. Жұмыстар сипаттамасы:

жарамды сортименттердің ең үлкен шығымын ескерумен және оларға мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес солқылдақ шыбықтарды белгілеу;

ірі мөлшерлі және едәуір бағалы солқылдақ шыбықтарды қырқып кесуге қатысу.

119. Білуге тиіс:

ағаш жыныстары;

ағаш мүкістері туралы негізгі мәліметтер;

ағаш материалдарын қойылатын техникалық талаптар;

оларға мемлекеттік стандарттар;

солқылдақ шыбықтарды дұрыс бөлу ережесі.

29. Қырқып кесуші

Параграф 1. Қырқып кесуші, 3-разряд

120. Жұмыстар сипаттамасы:

мемлекеттік стандарттарға сәйкес және берілген мөлшерлер мен сортименттер бойынша дөңгелек аралау станоктарында, циркульды араларда алдын ала белгілеуден кейін ұзындығын қысқаға көлденең аралау (қырқып кесу);

дөңгелек аралау станогының ақаусыздығын қадағалау және араларды ауыстыру.

121. Білуге тиіс:

ағаш материалдарына техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттар;

ағаш жыныстары туралы негізгі мәліметтер;

қолданылатын жабдықтың құрылысы;

жұмыс істеу қағидасы;

реттеу және жөндеу ережесі.

Параграф 2. Қырқып кесуші, 4-разряд

122. Жұмыстар сипаттамасы:

жарамды сортименттердің ең үлкен шығымын ескерумен мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес солқылдақ шыбықтар мен бөренелерді элктр - немесе бензомоторлы аралармен немесе басқа конструкциялы аралармен қырқып кесу;

кесектерін кесу;

қырқаларын (бөренелерді) электроаралармен, безоаралармен және басқа конструкциялы аралармен фанер, оттықтар, катушкалар, шаңғы дайындамаларын , баланстар жасауға арналған кесінді ағштарға белгілеу және аралау;

осмолды, шырша және емен түбірін және ағаш дайындамаларының қалдықтарын электрлік - немесе бензомоторлы аралармен қырқып кесу, түбірлі осмолды слешерлік қондырғыларда белгілеу және қырқып кесу;

ара мен ара шынжырларын қайрау, орнату және ауыстыру;

отын қоспасын құру және бензомоторлы араны дайындау;

араны, ара шынжырларын, жұмыс кабелін ақаусыз күйде ұстау және дұрыс пайдалану, әр түрлі конструкциялы араларға ағымдағы жөндеу жүргізу.

123. Білуге тиіс:

ағашың мүкістері мен қасиеттері;

дайындалатын сортименттерге қойылатын техникалық талаптар;

оларға мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

солқылдақ шыбықтарды сортименттерге ұтымды бөлу тәсілдері;

отын қоспасын дайындау және бензомоторлы араларды дайындау тәсілдері.

30. Экспорттық ағаш материалдарын тапсырушы

Параграф 1. Экспорттық ағаш материалдарын тапсырушы, 3-разряд

124. Жұмыстар сипаттамасы:

тиелген экспорттық ағаш материалдарын шетел кемелерінің басқаруына тапсыру және орыс және шетел тілдерінде ілеспе құжаттарды ресімдеу;

қолданылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес домалақ, араланған және табақтық ағаш материалдарын, ағаштың жыныстарын, олардың белгіленуін және тип мөлшерлерін сыртқы түрі бойынша анықтау;

коносаменттік партияларды жиынтықтау және тиеу нұсқаулықтары мен ағаш материалдарын кемелерге тиеу жоспарына сәйкес теңіз және өзен кемелеріне және тиеу астындағы қою жерлеріне тиеу кезінде экспорттық ағаш материалдарды жиынтықтау және ерекшелік есепке алу;

тиеу тізімдемесінің дұрыстығын тексеру

125. Білуге тиіс:

домалақ, араланған және табақтық ағаш материалдарының әр түрі сортименттеріне арналған арнайы ерекшеліктерімен ағаштың жыныстары мен ағаш мүкістері;

әр түрлі мақсаттағы сортименттегі мүмкін ауытқулардың және шекті мөлшерлердің нормалары;

әр түрлі сортиментті ағаш материалдарына, оларды маркалауға техникалық шарттар;

өлшеу;

есептеу техникасы;

ағаш материалдарының көлемдерін анықтау және оларды пакеттеу тәсілдері;

әр түрлі сортиментті ағаш материалдарын теңіз және көл кемелеріне тиеу ережесі;

орыс және шетел тілдерінде ілеспе құжаттаманың нысандары.

31. Арнайы сортименттерді жонушы

Параграф 1. Арнайы сортименттерді жонушы, 4-разряд

126. Жұмыстар сипаттамасы:

шот балтаның және басқа құралдың көмегімен қарулы және шағын калибрлі қалыптарды, ер жасайтын пластиналарды, оқпандық бастырмаларды, жиектерін дайындау;

артбрусты, кенелік және шаңғы қалыптарды, тоғынға арналған емен жақтауларды, экспорттық слиперлерді бөлшектеу және сүргілеу.

127. Білуге тиіс:

арнайы сортименттерді дайындау технологиясы;

ағаш жыныстарының қасиеттері мен ағаш мүкістері;

дайындалатын бұйымдарға техникалық шарттар.

32. Трельдеуші

Параграф 1. Трельдеуші, 3-разряд

128. Жұмыстар сипаттамасы:

тіркемелі жабдықтың алуан түрлері пайдаланумен аралық қоймаларға ағашты, түбірлерді және түбір осмоллы трельдеу (жақындату);

трельдеу кезінде ағашты тиеу (үю), ілгектеу, түсіру (құлату), тіркеуін ағыту және қатарлап жинау;

трельдеу жабдығына және әбзелдерге ағымдағы жөндеу жүргізу;

аттарға күтім жасау.

129. Білуге тиіс:

ағашты трельдеу кезінде жұмыстарды орындау тәсілдері;

атқа жүктеме нормалары;

трельдеу жабдығының түрлері;

ағаш сортименттері және оларға шартты белгілер (маркалар);

жоғарғы қоймаларда қатарлардың орналасу сызбалары және оларға ағаш салу ережесі;

аттарға күтім жасау ережесі;

ветеринарлық минимум.

Параграф 2. Трельдеуші, 4-разряд

130. Жұмыстар сипаттамасы:

ағашты жерге түсумен, тасымалды науаларға ағаш түсіргіштер мен су науалары бойынша трельдеу (түсіру);

ағашты түсіру трасасын қолмен тазалау;

ағаш түсіргіштерді, науаларды ақаусыз күйде ұстау және оларды ағымдағы жөндеу.

131. Білуге тиіс:

ағашты таудан түсіру бойынша жұмыстар орындау;
ағаш түсіргіштерге күтім жасау ережесі және авариялардың және тұрып қалулардың алдын алу бойынша шаралар;
ағаш түсіргіштер мен науаларды ағымдағы жөндеу тәсілдері.

33. Чокерлеуші

Параграф 1. Чокерлеуші, 4-разряд

132. Жұмыстар сипаттамасы:

арқан мен чокерлерді солқылдақ шыбықтарға, сортименттерге, ағаштарға, түбірлерге және осмолға беру, чокерлерді ағаштарға, солқылдақ шыбықтарға, сортименттерге, бүбірлер мен осмолдарға кигізу, оларды жүкшығырдың немесе трактордың ауыр арқанына тіркеу;

ағашты чокерлеу мен будаға жинауға кедергі жасайтын бұтақтар мен ағаштың ұштарын кесу;

чокерлерді солқылдақ шыбықтардан, ағаштар мен сортименттерен алу және тіркеуін ағыту;

бұру кезінде арқанды беру және солқылдақ шыбықтардың, ағаштарды және сортименттерді іліп алу;

трельдеу және тиеу қондырғыларын монтаждау мен бөлшектеуге қатысу.

133. Білуге тиіс:

чокерлеу кезінде жұмыстарды орындау тәсілдері мен реттілігі;

сигнал беру жүйесі;

арқан мен блоктардың жүк көтерушілігі;

арқандарды, чокерлер мен ілмектерді тұтастыру тәсілдері;

жүкшығырдың бағыттаушы блоктарын бекіту және орнын ауыстыру тәсілдері

34. Ағашты қатарға жинаушы

Параграф 1. Ағашты қатарға жинаушы, 3-разряд

134. Жұмыстар сипаттамасы:

бөренелерді солқылдақ шыбықтарды қырқып кесу жерінен алыс әкету, оларды вагонеткаға, шынжырға, ағаш транспортерінің лентасына, элеваторға дөңгелету;

бөренелерді қатарларға апарып тастау, оларды сорттары мен мөлшерлері бойынша сорттау, бөренелерді вагонеткадан, ағаш транспортерінен аудару, дөңгелету және қатарға салу;

қатар мен ағаш жинақтағыштағы бөренелердің (сортименттердің) шеттерін тегістеу.

135. Білуге тиіс:

домалақ ағаштың сортименттері және оларға мемлекеттік стандарттар; сортименттерді білдіретін шартты белгілер (маркалар).

Параграф 2. Ағашты қатарға жинаушы, 4-разряд

136. Жұмыстар сипаттамасы:

ағашты қалыптастыру және қатарға жазу бойынша жұмыстарды орындау;
қатардың аратөсемдерін келтіру және ұшын орнату;
жүкшығырдың көмегімен жазу кезінде будаларды арқанмен байлау;
түбір мен осмолды бұрттар мен текшеленген отынға жинау;
домалатулардың құрылысы.

137. Білуге тиіс:

қатарларды қалыптастыру, салу және жазу ережесі;
қатардың тұрақтылық шарттары;
түбір мен осмолды бұрттар мен текшеленген отынға жинау ережесі.

4-бөлім. Ағаш ағызу

35. Ағашты судан алушы

Параграф 1. Ағашты судан алушы, 3-разряд

138. Жұмыстар сипаттамасы:

механикаландырылған түсіру кезінде ағашты судан дайындау, будаларды,
бөренелер мен солқылдақ шыбықтарды түсіруге дайындау;

будалар мен борткомплектілерді алу;

ағашты қатарға жинау және көлденең және бойлай ағаш транспортеріне беру;

ағашты ағаш транспортерінен бассейндерге қою немесе қатарға жинау;

қысқасын түсіру, оны текшеленген отынға салу;

от жағатын қағазды өзеннің түбінен көтеру, оны плашкоутқа немесе
жағалауға қатарлап қолмен және механизмдерді пайдаланумен салу;

мұзды қардан тазалау, қатарға аратөсемді салумен ағашты мұзға салу және
қатар қалыптастыру;

аратөсемдерді шабу және қатардың бастиегін салу.

139. Білуге тиіс:

түсіре механизмдерінің, аспаптардың, қолданылатын аспаптың құрылысы;

судан ағаш түсіру кезінде және от жағатын қағазды көтеру кезінде жұмыс
тәсілдері;

ағашты қатарға жинау ережесі, ағаш сортименттері және оларға мемлекеттік
стандарттар.

36. Ағаш ағызудағы жүкшығыршы жұмысшы

Параграф 1. Ағаш ағызудағы жүкшығыршы жұмысшы, 4-разряд

140. Жұмыстар сипаттамасы:

суда ағаш шоғырлау, жағалық шоғырлау, суға салу, судан түсіру және штабельге салу, салдарды қалыптастыру және тиеу- түсіру жұмыстары кезінде жүкшығырды басқару;

жүкшығырды, қозғалтқышты және арқан- блоктық жүйеге күтім жасау және оларды жұмы күйінде ұстау;

жүкшығыр мен арқан- блоктық жүйеге профилактикалық және ағымдағы жөндеу жүргізу;

жүкшығыр мен арқан- блоктық жүйені монтаждау мен жинақтауға қатысу, арқандар мен ілмектерді біріктіру.

141. Білуге тиіс:

